

Мұхтар Әуезовтің немере ағасы. Құнанбайдың тұтасы Бердіқожаның ұлы Әуездің баласы. Кіші әйелі Сақыштан туған. 1909 ж. Қасымбек Әуезұлының көмегімен Жаңасемейдегі екі кластық орыс-қырғыз училищесіне оқуға түсті, тәрбиеленушілерге арналған пансионда тұрады.

1917 ж. Ойқұдықта Әйгерім аулында сахналанған «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңліктің ролін ойнаған. Семейдегі «Ес-аймак» атты әдеби-мәдени труппаның мүшесі болды. Шәкәрім шығармашылығымен таныс болған. М. Әуезовтің балалық шағынан мол мағлұмат беретін «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» атты кітаптардың авторы. Абайдың Тұрағұлының қызы Қалимаға үйленген. Кейіннен Шымкент облысына көшіп барып, сол жерде дүние салды.

А. Еспенбетов

ӘУЕЗОВ Қасымбек (1886-1913) – Мұхтар Әуезовтің немере ағасы, Әуездің кіші әйелі Сақыштан туған. Жастайынан оқуға ынталы болып, інілеріне өнеге көрсеткен, жол сілтеген адам. Семейдегі Қамелетдин хазіреттің медресесінде мұсылманша оқиды. 1907 ж. М. Әуезовтің Семейге келіп, алғашында мұсылманша оқып, кейіннен бес кластық орыс училищесіне түсуіне ықпал еткен, Омархан ағасының өлімінен соң оған үлкен қамқорлық көрсеткен. «Бір күні Қаске (Қасымбек – А.Е.) Мұхтар екеуіміздің көзімізше Омархан ағама былай дегені бар:

– Омархан аға, Мұхтар, міне, он жасқа келді, Семейге ала кетейін. Өзіммен бірге орысша оқып, білім алсын. – Ау, Қаске, орыс білімін алуға қызығып, ошақ басынан сенің кеткенің де жетеді ғой, – деді Омархан ағам ренішті кейіп білдіріп. – Менің шын мақсұтым жалғыз бала Мұхтарды 14-ке келгенше арабша оқытып, келін түсіріп, немере сүю. Мына Наймантаймен құда болып, Әйкежанды атастырып қойғанымды өзің білесің. Мені ренжітпе, Мұхтарды әуре қылмай-ақ қой. Омархан ағамнан беті қайтқан Қаске үлкен үйге Әуез атам келді. Қаске атама жайлап отырып әңгіме шертті. Орыс мәдениетінің озық екенін өзінің түсінігімен айтып берді. Мұхтардың да орысша білім алуына ұлықсат беруін өтінді. Атам Әуез Қаскенің бұл ойын теріс деп білген жоқ, қайта қоштап түсті. Атам өзі жақсы көретін алғашқы немересі Мұхтардың орысша оқып, білім алуына ұлықсат берді. Сөйтіп, Мұхтар

1907 жылы Семейдің 5 кластық қалалық орыс училищесіне түсті», – дейді Ахмет Әуезов өзінің «Бала Мұхтар» кітабында. Қасымбек Әуезов Құнанбай ұрпағы Ысқақтың Ахметбегінің қызы Ғалиға үйленеді. 1913 ж. семинарияны тәмәмдаған соң Мәскеуде оқуын жалғастырмақ болады, бірақ ол қатты науқастанып, сүзек ауруынан қыркүйек айында қайтыс болады. Туған аулында жерленген.

А. Еспенбетов

ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы (1897-1961) – классик жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның акад., филол. ғыл. докт., проф., Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері. Әкесі Омархан мен атасы Әуез



Мұхтар Әуезов.

сауатты адамдар болған. Алты жасында атасының үйретуімен Абайдың өлеңдерін жаттап, оны ұлы акынның өзіне айтып берген. Бұл оқиға бала Мұхтардың есінде мәңгі сақталып қалады. Жеті-тоғыз жас аралығында ауыл мектебінде сауатын ашқан. 1908 ж. Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1909 ж. әкесі Омархан қайтыс болып, ауылына оралады. Семей мұғалімдер семинариясын бітірген Әбіш Хасенов деген мұғалімнен бір жыл дәріс алады. Немере ағасы Қасымбек оны жаз бойы өзі дайындап, 1910 ж. Семей қалалық бес кластық орыс қазына уч-щесіне оқуға орналастырған. Сол уч-шенін соңғы класында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. 1914 ж.

Абайдың қайтыс болғанына он жыл толған күнге арнап, Н.Құлжанова мен Н.Құлжанов ұйымдастырған әдеби кешке, 1915 ж. «Біржан-Сара» айтысы көрсетілген ойын-сауық көрмесіне катысады. Онда Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытов өнер көрсетеді. Жас Мұхтар сол кездердегі қалалық спорт жарыстарына да белсене катысып, «Жарыс» футбол командасының жартылай қорғаушысы болады. Уч-щені 1915 ж. аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп те шығарм-пен айналысады. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 ж. маусым айында Ойқұдық деген жерде Абайдың қызы Кенже мен Әйгерімнің тіркестіріп тіккен киіз үйінде сахнаға шығарады. Мұхтардың өзі режиссер әрі суфлердің міндетін атқарады. Бұл қойылым оған үлкен шабыт беріп, өнерін ұштап, жетілдіруге мүмкіндік береді. Сол жылы Райхан Кәкенқызына үйленеді. Ресейдегі саяси төңкерістер, Уақытша үкіметтің, Алашорда халықтық кеңесі (тамыз, 1917) мен үкіметінің (желтоқсан, 1917) құрылуы Ә. өміріне де үлкен өзгерістер әкеледі. Ол Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы да 1917 ж. 10 наурызда «Алаш» газетінде басылады. Бұдан кейін «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма», «Қайсысын қол-данамыз?» деген мақалаларын жариялайды. Ә. Семей жастарының өкілі ретінде 1918 ж. 5-13 мамырда Омбы қ-нда өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайына катысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда «Алашорда» үкіметі мен Алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақтық жастар ұйымы құрылады. Ә. Семейде «Абай» ғыл.-көпшілік журналын шығарады (Аймауытовпен бірге). 1918 ж. ақпан-қараша айларында журналдың №13-саны жарық көріп, қаражаттың жетіспеуіне байланысты сол жылы жабылып қалады. «Абай» журналы оның журналист ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етіп, журналда «Ғылым», «Будда», «Абайдың өнері ғұм қызметі», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Философия

жайынан», «Абайдан соңғы ақындар», «Ғылым тілі», «Қазақ әйелі», «Қазақ қашан жетіледі», «Мәдениет ғұм ұлт», «Өліп таусылу қаупі», «Оқу ісі» іспетті ғыл.-көпшілік, танымдық, әлеум. мәні бар мақалалар жариялайды. Бұл мақалаларында ол ұлттық демокр. үрдіске негізделген өркениетті мемлекет құру идеясын насихаттады, қазақтың ғыл. ойы мен танымы қалыптасу мәселелерін талдады. Алашорда үкіметінің қызметіне тиым салынғаннан кейін Ә. астыртын ұйымның жұмысына араласады. 1919 ж. семинарияны бітірген тұста сүзекпен ауырып, жаз ортасына дейін ауылында болады. 1918 ж. ақпанда – Мұғалима, 1919 ж. – Шокан есімді балалары дүниеге келеді. Шокан іш сүзегімен ауырып, екі жастан асқан шағында шетінеп кетеді. 1919 ж. күзге қарай Ә. Семей қ-на қайтып оралып, қоғамдық-саяси жұмысқа араласады. Сол жылы сәуір айында Кеңес өкіметі Алашорда үкіметі қайраткерлерімен келіссөз жүргізіп, қазақ халқына автономия беруге келіскен болатын. Қазақ зиялылары кеңес қызметіне тартылады. 1919 ж. желтоқсанның 4-інде Семейде большевиктер билігі орнап, сол кезден бастап Ә. Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің қызметкері, 1920 ж. ақпаннан бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. Ол «Қазақ оқығандарына ашық хат» жазып, оларды Кеңес өкіметіне қызмет етуге шақырады. Онда елдің мұң-мұқтажын жоқтайтын, ұлттың мүддесін қорғайтын, оқу-білім жүйесін құрып, оны жүзеге асыратын мамандардың жоқтығы – қазақтарды шовинистік кемсітушілікке бұрынғыдан да бетер ұшырататынын, ұлтымыздың есесі кететінін түсіндіріп береді. Ә. жергілікті басқару, сот мекемелерін, ұсақ несие серіктестіктерін құрып, а. ш-н жандандыруға ұйытқы болады. Семей қ-нан мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашады. Сол жылы Райхан Кәкенқызымен ажырасып, Абайдың немересі Кәмілә Мағауияқызына үйленеді. 1920 ж. қарашадан 1921 ж. мамырға дейін Семей обл. атқару қ-ті қазақ бөлімінің және обл. соттың меңгерушісі міндетін атқарады. Семейдің «Ес-аймақ» ойын-сауық үйірмесі Ә-тің «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларын халық театрының сахнасына

қояды. Күнделікті саяси-шаруашылық мәселелерге арналған мақалалары «Қазақ тілі» газетінде үзбей жарияланып тұрады. 1921 ж. мамыр мен маусым айларында Семей облревкомының төралка мүшесі, маусым айынан қараша айына дейін обл. атқару к-тінің төрағасы қызметін атқарады. 1921 ж. қараша айында Қазақ АКСР-і ОАК-нің төралка мүшелігіне сайланып, онда саяси хатшы міндетін атқарып, кадр мәселесімен айналысады. Сол жылы «Қорғансыздың күні» әңгімесі «Қызыл Қазақстан» журналының №3-4 сандарында жарияланады. Теке (Орал) қ-нда «Еңлік-Кебек» пьесасының екінші нұсқасын баспаға тапсырады. 1922 ж. «Қорғансыздың күні» мен «Еңлік-Кебек» жеке кітап болып Орынбордан жарық көреді. Қазақстандағы 1921-22 ж. ашаршылық тұсында қазақ қызметкерлерінің төтенше кеңесін шақыртып, онда большевиктердің қазақ ұлтының оқыған зиялыларын жазалау саясатын, қыр еліндегі ашаршылықты қолдан жасап, қасақана қиыншылыққа ұрындырып отырған Мәскеудің экон. қысымын қатты сынға алады. 1922 ж. 7 наурыз күні өзінің пікірлес досы, Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі С.Сәдуақасов екеуі РК(б)П ОК-нің арнаулы өкілі В.Г. Юдовскийге қазақ ұлтына большевиктер тарапынан қолданылып отырған жазалау және шеттету саясатына қарсылық білдіріп, комитет алдына: ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою, отарлаушылар тартып алған жерлерді қазақтарға қайтарып беру және оған өзінің ежелгі иелерін орналастыру, өндіріске, мемл. қызметке қазақтарды тарту, іс қағаздарын ана тілінде жүргізу және ана тілін мемл. тіл деп жариялау, ұлттық оқу-ағарту, ғылым, баспасөз саласына ерекше көңіл бөлу сияқты 8 түрлі мәселе қояды. Сол хаттың негізінде, 1922 ж. 11 және 20 наурызда РК(б)П Қазақ обкомының төралка мәжілісінде Сәдуақасов пен Ә. ұсынған қазақтар арасында жүргізілуге тиісті жұмыс жоспары талқыланады. Мәжіліске қатысқандардың көпшілігі бұған қарсы шығып, ресми шешім қабылданбай қалады. Оның есесіне хат иелерін «ұлтшыл-алашордашыл» деп, оларды саяси сахнадан шеттету науқаны басталады. 1922 ж. жаз айында Ә. аштарға көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін Семейге өкіл болып келеді де, күзде Орынбордағы қызметіне бармай, Ташкент қ-ндағы Орта Азия

мемл. ун-тіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарының алқа мүшесі болып жұмысқа орналасады. Онда жүргенде бірыңғай шығарм-пен айналысып, осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану») әңгімелері жарияланады. 1923 ж. «еңбек тәртібін бұзғаны және ұлтшылдық әрекеті үшін» РК(б)П қатарынан шығарылады. Сол жылы маусым айында Ленинград мемл. ун-ті қоғамдық ғылымдар ф-тінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға ауысады. Қазақ АКСР Оқу-ағарту комиссариатының арнайы өкілдігімен 1924-25 ж. Семей қ-ндағы мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылады. Сонда жүріп «Таң» журналын шығарады. Онда «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әңгімелері жарияланады. Сол жылдары жазған «Сұғанақ сұр» повесінің қолжазбасы жоғалып кетеді. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1926 ж. жаз айында Семейге арнайы ғыл. экспедиция ұйымдастырып, ауыз әдебиеті мұраларын жинайды. Сол жылы «Қарағөз» пьесасын жазады. Ол Қазақ АКСР Оқу-ағарту халық комиссариаты жариялаған бәйгеде бірінші орын алады. Ғыл. экспедицияның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 ж. кітап болып шығады. 1927 ж. жазда Жетісу өңіріне ғыл.-шығарм. сапармен келіп, І. Жансүгіровпен бірге ел аралап, болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде қыркүйек айында «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, желтоқсан мен 1928 ж. қаңтар айында «Қилы заман» романын, ақпан айында «Хан Кене» пьесасын жазады. Ленинградта оқып жүргенде Валентина Николаевна Кузьминамен тұрмыс құрады. 1927 ж. Елдес есімді ұлы дүниеге келеді. 1928 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің аспирантурасына қабылданады әрі Қазақ ағарту ин-тында сабақ береді. 1929 ж. Ләйлә есімді қызы дүниеге келеді. Елдес тосын дерттен дүние салады. Аспирантурада оқып жүріп, жаз айында қырғыз елін аралап, «Манас» жырын зерттейді, жомықшылардың аузынан дастанның үзінділерін жазып алады. 1927-29 ж. Абай қолжазбаларының екі томдық толық

жинағын баспаға әзірлейді.

Ғыл. жұмыстар мен көші-кон мәселесінің соңында жүріп, 1929-30 ж. шығарм. жұмыспен айналысуға мүмкіндігі болмайды. Оның үстіне осы кезеңде қазақ зиялыларын жазалау саясаты күшейіп, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов, Х. Досмұхамедов, Е. Омаров, Ж. Досмұхамедов, т.б. Алаш қозғалысының көсемдері түрмеге қамалады. Тергеу ісі үш жылға созылады. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ә. те тұтқындалады. Оған: 1) Кеңес өкіметіне қарсы астыртын ұйым құрып, қарулы көтеріліс арқылы оны құлатуға әрекет жасады; 2) ұлтшылдық-буржуазиялық идеологияны қолдап, байларды тәркілеуге және қосшы ұйымын құруға қарсы шықты; 3) ұлтшылдардың Кеңес өкіметі кеңсесіне, жоғары оқу орындарына жасырын түрде қызметке кіруіне үндеу тастады; 4) жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға ұлтшыл-феодалдық пиғылдағы ақын-жазушылардың шығармаларын енгізіп, идеол. арандату әрекеттерін жүргізді; 5) ұлтшыл-буржуазияшыл «Аяқ» ұйымын құрды, қазақтың өткен тұрмысын мадақтайтын шығармалар жазды деген айыптар тағылады. Тергеу екі жылға созылып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. 1932 ж. 10 маусым күні «Социалды Қазақстан» және «Қазақстандық правда» газетінде жарияланған «Ашық хат» арқылы Ә. өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен, «Қарағөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығарм-нан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болады. Ә. осы жылы түрмеден босатылып, Қазақ ауыл ш. ин-тына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып уақытша жұмысқа орналасады. Сол айдың аяғынан бастап Қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін қоса атқарады. Қыркүйек айынан Қазақ пед. ин-тының аға оқытушысы, профессор міндетін атқарушы болып қызмет істейді. «Октябрь үшін» (1932), «Айман-Шолпан» (1933), «Тартыс» (1933), «Түнгі сарын» (1934), «Тас түлек» (1935), «Ақан-Зайра» (1935), «Алма бағында» (1937), «Шекарада» (1937), «Ақ қайың» (1938), «Беккет» (1938), «Қалқаман-Мамыр» (1938), «Абай» (1940) пьесаларын жазады. В. Пруттың «Жойкын князь Метислав»

(1933), Н.В. Гогольдің «Ревизор» (1936), А.Афиногеновтың «Қорқыныш» (1934), Н.Погодиннің «Ақсүйектер» (1936), К.Треневтің «Любовь Яровая» (1937), Шекспирдің «Отелло» (1938) пьесаларын, Л.Толстойдың «Булька» (1936), «Тойтарқар» (1938), Дж.Лондонның «Қасқыр» («Ақ азу», 1936) әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Кеңес еңбекшілерінің өміріне арналған «Білекке білек» (1934), «Үш күн» (1934), «Қасеннің құбылыстары» (1934), «Іздер» (1935), «Шатқалаң» (1935), «Құм мен Асқар» (1935), «Бүркітші» (1937) атты әңгімелері жарияланады. «Тастүлек» (1935), «Ескілік көлеңкесінде» (1935), «Қараш-Қараш» (1936) әңгімелер жинағы жарық көреді. Театр, драматургия, мәдениет пен өнер, әдебиет, фольклор тарихы, орыс әдебиетінің классиктері туралы мақалалары үзбей жарияланып тұрады. Ә. сценарийі бойынша «Райхан» көркем фильмі түсіріледі (1940). КСРО Жазушылар одағының съезіне, 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. Л.Соболевпен бірігіп «Дала жыры» аталатын жинақ құрастырып, оған алғы сөз жазады (1940). Осы жылдары «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941 ж. бітіреді. «Абай» романының жарық көруі Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды (1942). 1943 ж. «Абай» романын талқылау үлкен науқанға айналады. Романдағы Құнанбай мен Ділдіз бейнесі туралы сын пікірлер айтылып, қазақтың өткен өмірі өте әсерлі суреттелген, жазушы ұлтшылдық рухтан арылмаған деген секілді сыңаржақ сындар айтылады. Жазушы 1946 ж. романның екінші кітабын жазып бітіріп, ол 1947 ж. жарық көреді. 1949 ж. «Абай» романы үшін (алғашқы екі кітабына) Ә-ке бірінші дәрежелі Сталиндік сыйл. (кейінгі КСРО Мемл. сыйл.) беріледі. 1950 ж. роман-эпопеяның «Ақын аға» аталатын үшінші кітабы жарық көреді. В. Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясын аударды (1943). 1943 ж. Тіл, әдебиет және тарих ғыл.-зерттеу ин-тының аға ғыл. қызметкері болып қайтадан қызметке тұрады. Және сол жылдың қыркүйегінен бастап ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына проф. болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқиды. Ұлы Отан соғысы жылдарында «Сын сағатта» (1941), «Намыс гвардиясы» (Ә. Әбішевпен бірігіп, 1942),

«Қынаптан қылыш» (1945) пьесалары мен «Абай» операсының либреттосын (1944), «Абай әндері» фильмінің сценарийін (1945) жазды. 1945 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, оның толық мүшесі (академик, №1 куәлік) болып сайланады, филол. ғыл. докторы, проф. атағы беріледі. Ол «Қазақ ССР тарихының» әдебиет тарихы бөлімін жазып, «Қазақ совет әдебиеті тарихын» жазуға жетекшілік етеді. 1947 ж. «Төлеген Токтаров» операсының либреттосын жазды. 1951 ж. Кұрмет белгісі орденімен марапатталады. 1951-54 ж. Ә. саяси-идеол. тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталады. Оған «қазақ фольклоры мен эпостарындағы Ресейге қарсы жазылған, байшылдықты, батырлықты, ұлттық тәуелсіздікті жырлаған дастандарды жарыққа шығарды; Кенесары – Наурызбай көтерілісін жақтап, ғыл. зерттеу жүргізді; ғылымға қарсы Абайдың ақындық мектебі деген бағыт қалыптастырды; «Абай» романында феодализмді мадақтады, Құнанбайды халықтың қайраткері етіп көрсетті; «алашордашыларды» шығарм. жағымды кейіпкер етіп бейнеледі; Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиеті тарихын бұрмалап жазды» деген айыптар тағылды. Мерзімді баспасөзде Ә. туралы сыңаржак сындар мен оны «халық жауы» ретінде әшкерелеген мақалалар басылды. Соған қарамастан, ол 1952 ж. Бішкек (бұрынғы Фрунзе) қ-ндағы «Манас» жыры туралы конференцияда сөз сөйлеп, қырғыз халқының ұлы эпосын ақтап алуға зор үлес қосады. Өзі жазғандай, «басын қатерге тіге отырып, ел үшін тәуекелге барады». 1953 ж. сәуір айының соңында қамауға алыну қаупі төнгенде, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге кеңбұр болады. Онда А.Фадеев, К.Симонов, В.Кожевников, Н.Тихонов іспетті орыс жазушылары араша түсіп, Ә-ті жазықсыз жазадан аман алып қалады. Қазақстанға қайтып келудің қауіпті екенін біліп, Мәскеу мемл. ун-тінің проф-ы болып орналасады. Онда 1953-54 ж. «СССР халықтары әдебиетінің тарихы» деген арнайы курс бойынша дәріс береді. 1954 ж. Алматыға қайтып оралып, ақпан айының ортасында «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтайды. 1955 жылдан бастап Ә. өмірінің ең шуақты кезеңін басынан кешіреді.

Сол жылы Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаттығына сайланады. Тұңғыш рет шет елге сапарға шығып, ГДР жазушыларының Берлинде өткен съезіне құрметті қонақ ретінде қатысады. Үндістанға 40 күндік сапармен барып қайтады. 1956 ж. КСРО мәдениет қайраткерлері өкілдерінің қатарында Чехословакияда болды. Сол жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен (екінші рет), ал 1957 ж. Ленин орденімен марапатталады. Жазушының 60 жасқа толу мерейтойы Алматыда, Мәскеуде салтанатпен атап өтіледі. Атом және сутегі бомбасын сынауға қарсы халықар. қозғалыстың Жапонияда өткен 3-конференциясына қатысады. Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі (1957-61) қызметін атқарады. 1958 ж. Ташкентте өткен Азия және Африка елдері жазушыларының I-конференциясында оны ұйымдастырушылардың бірі ретінде сөз сөйлейді. 1959 ж. екінші рет Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланады, «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйл. беріледі. 1960 ж. АҚШ-қа барып қайтып, 1961 ж. Үндістанға екінші рет сапар шегеді. 1955-57 ж. алты томдық таңдамалы шығармалары басылып шығады. «Әр жылдар ойлары» (1959), «Қараш-Қараш» (1960) жинақтары жарық көріп, «Бес ДОС» (1956), «Дос – Бедел ДОС» (1958), «Алуа», «Асыл нәсілдер» пьесаларын, «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» монографиясын (1959), «Өскен өркен» (1960-61) романын жазды. Ә. 1961 ж. 27 маусым күні Мәскеу қ-нда, Кунцеводағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. Сүйегі I шілде күні Алматы қ-ндағы орталық зиратқа жерленді. Ұлы суреткер шығарм-ның қуатты, арналы, мол саласы – оның прозалық туындылары. Ол «Қорғансыздың күні» (1921) аталатын алғашқы әңгімесі арқылы-ақ өзінің суреткерлік дарынын айқын танытты. Әңгімеде бас кейіпкер Ғазизаның күйзелісі табиғаттың ызғырық боранымен астастырыла суреттеледі. Ә. адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне классикалық психол. прозаның үлгісін әкелді. Әңгіменің жанрлық табиғатына тән сюжеттік-композициялық тұтастықтың шебер өрілуі, уақыт пен кеңістіктің аясында негізгі кейіпкерлердің (Ақан, Қалтай) жан дүниесін аша білуі қазақ әдебиетіне көркемдік стилі өзгеше

дара суреткер келгенін байқатты. Жазушы келесі «Оқыған азамат» (1922) әңгімесінде өзінің азаматтық мұратын аңғартты. Оқыған адамның бәрі парасатты бола бермейді. Әңгімедегі басты кейіпкер бойындағы ұсақтық, келісімпаздық, сатқындық сияқты ұнамсыз қылықтарды көркемдік әдістермен әсерлі бейнелеу арқылы жазушы қазақ зиялы қауымының халық алдындағы жауапкершілігін әлеум. мәселе деңгейіне дейін көтерген. Қазақ жазушысының «Қаралы сұлу» (1925) әңгімесі әлемдік психол. прозаның озық үлгілерінің бірі. Жастай жесір қалған келіншек Қаракөздің әңгіменің шарықтау шегіндегі саналы және санасыз әрекеті, жан қуаты мен тән қуатының арпалысы шебер суреткерлікпен өрілген. «Қыр суреттері», «Жетім», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде», «Сөніп-жану», «Кінәмшіл бойжеткен», «Іздер», «Бүркітші», т.б. әңгімелері – Ә-тің прозаның шағын жанрының шебері екенін көрсеткен шығармалары. Жазушы әңгімелеріне көп желілік, адам әрекетін әлеум.-қоғамдық жағдайлармен астастыра келіп, кейіпкер психологиясының терең иірімдерін, табиғат суретін, халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі тынысын, ұлттық мінез-құлықты мейлінше қанық, толық беру тән. Ә-тің 20-жылдардың соңында жазған «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (1928), «Көксерек» (1929) аталатын үздік повестері проза жанрындағы ерекше көркемдік құбылыс болып табылады. Әңгіме жанры арқылы көрінген суреткерлік қуат бұл повестерде қанатын кең жайып, ашыла түскен. «Қараш-Қараш оқиғасының» басты кейіпкері Бақтығұл – рухы биік тұлға. Ар-намысын, адамдық қасиетін таптаған Жараспайды атып өлтіреді. Кісі өлтіру – адам күнәларының ішіндегі ең ауыры. Дүние жүзіндегі барлық халықтардың түсінігінде, барлық діни және заңи жосындарда да осындай ұғым орныққан. Ал қазақ халқының түсінігінде кісі өлтіру әрекеті тіпті қатты жазғырылады. Бірақ «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде әлеум. әділетсіздікке қарсы шыққан қайсар жігіттің образы сомдалып, оның ақырғы әрекетке тәуекел жасардағы ішкі арпалысы тереңдігімен тәңгі етеді. Табиғаттың өзі басты кейіпкер Бақтығұлдың ішкі психол. арпалысымен астасып, өзгеше көркемдік тұтастық құрайды. Жазушының «Көксерек» (1929) повесі – тақырып жағынан оқшау тұрған

шығарма. Әлем әдебиетінде қасқырдың, жалпы аң-құстың «психоло-гиясын» беру дәстүрі бар (Дж. Лондон, А.П. Чехов, т.б.). Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы – мәңгілік тақырып. «Көксерек» повесі осы тақырыпта қазақ ұғымы, тіршілік танымы тұрғысынан келіп, әлем әдебиетіне тың көркемдік құбылыс ретінде қосылған шығарма болды. Кейін Ш.Айтматовтың, М. Мағауиннің, т.б. шығармаларында бұл дәстүр жалғасын тапты. «Қилы заман» повесі алғаш жарық көргеннен кейін (1928) оқуға тыйым салынып, ұзақ уақыттан соң, ресейлік «Новый мир» журналында орыс тілінде басылды (1972, алғы сөзін жазған Ш. Айтматов, аударған А.Н.Пантиелев). Онан аударылып, неміс тілінде жарияланған соң ғана қазақ тілінде қайта басылды. Шығармадағы эпикалық ауқымдылық, кейіпкерлердің психол. сезім толқыныстарының тереңдігі, характерлердің әлеум. қатығыстар тұсында құбыла дамуы, азаттықты аңсаған халық рухы, т.б. ұлы жазушының күрделі тақырыптарды игеру шеберлігін, кең тынысты қарымын танытты. Ә-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы 20 ғ-дағы қазақ және әлем әдебиетіндегі ерекше көркемдік құбылыс. Суреткер өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының рухын, ұлттық болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абайдың мәңгілік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралық таныммен сомдаған. Болашақ романның тарауы ретінде жоспарланған «Татьянаның қырдағы әні» жарияланғанда оқырман қауым елең ете қалған. Көп ұзамай жазушы өз ойын жүзеге асыруға кіріседі. Алғашқыда романға «Телғара» деген ат бермек болады. Автордың алғашқы жоспарында роман үш кітаптан құралмақшы болатын. Алайда жұмыс барысында шығарманың ауқымы кеңейгіле түсті. Ә. алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай», онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Ақын ағаны» жазды. Кейін үшінші кітаптың аты өзгертіліп, толық шығарғанда «Абай жолы» деген ат берілді. Ә. «Абай жолы» роман-эпопеясына үлкен дайындықпен келді. Әрине, бүтін бір тарихи дәуірді, сан-салалы оқиғаларды, сан алуан кейіпкер бейнесін, іс-әрекетін, бір-бірімен қарым-қатынасын ұлы ақын, дана Абайдың өмір жолымен ұштастыра

шығармашылығын әділ бағалаған. Ә. ескі аңыз-ертегілерді, эпостық жырларды зерттегенде, Қорқыт, Асан Қайғы, т.б. жайында пікір толғағанда қазақ поэзиясының түп-төркіні әріде, көне дәуірде жатқанына ерекше назар аударады. Зерттеуші түркі тілдес халықтарға ортақ «Көрұғлы», «Алпамыс» секілді көне мұраларға айрықша назар аударып, біліктілікпен талдады. Қырғыз халқының «Манас» эпосына терең талдау жасап, көлемді ғыл. зерттеу жазды. 50-жылдары «Манас» туралы қым-қиғаш солақай пікірлер айтылып жатқан сын сәтте Ә. асқан біліктілікпен бұл эпостың нағыз халықтық, ұлы туынды екенін дәлелдеп берді (қ. «Манас»). Ә-тің әлемде және Кеңес Одағы көлеміндегі әдеби процесс, қазіргі роман жанры жөніндегі ой-пікірлері, зерттеулері, әлеум. және филос. көзқарасы отандық және әлемдік ұлы ойшылдар пікірлерімен үндес. Жазушы алғашқы «Адамдық негізі – әйел» мақаласынан бастап, «Қазақтың өзгеше мінездері», «Ғылым тілі», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Мәдениет және ұлт», «Оқу ісі», «Жапония», «Қайсысын қолданамыз?», т.б. еңбектерінде қазақ қоғамындағы күрделі әлеум. мәселелерді әлем халықтарының тәжірибелерімен салыстыра отырып талдайды. Ал «Философия жайынан» мақаласында ол ғылымдардың түйіскен торабы философия деп есептейді, оны терең ойдың ғылымы, адамның ақыл аумағын кеңейтетін, ақиқатқа жетуге жол көрсететін, адам санасы мен танымын дамытатын ғылым деп түсіндіреді.

Ә-тің философия мен діннің арақатынасын ашуға талпынуы, әсіресе, дін ауқымының кеңдігін, оның ақылдан бұрын жүректі тәрбиелейтініне, мінезділікке үйрететініне оқырман назарын аударуы танымдық тұрғыдан да құнды. Аталмыш жұмыста ол философия тарауларын гносеология, логика, психология, философия тарихы, метафизика, онтология, рационалды психология деп қарастырады. Әрі қарай философия тарихын – ескі және жаңа философияға бөліп, қазақ танымына ыңғайлап, Фалестен классикалық неміс философиясына дейінгі кезеңге шолу жасайды. Өз мақаласын «Философия – адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» деп аяқтайды. Ә. – ғалым-жазушы, көркем ойдың

алыбы. Ғұлама ойшыл дүниетанымының тереңдігі, өзгеше ойлау стилі мен ойлау әдісі кейінгі ұрпақтарды да тәнті етеді. Ой мен идея асыл мұрат ретінде оның бүкіл саналы өміріне, құлшыныс-құштарлығына қанат беріп, шығарм-ның өзекті арқауын анықтаған. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясы – тек көркем шығарма ғана емес, ұлтымыздың болмысы мен дәстүрлі тұрмысын көркем оймен кестелеген, дала тарихы мен философиясы тұнған даналық дастаны. Жазушының әдеби-көркем, ғыл. шығарм-н тану тек қазақ халқының қоғамдық және филос. ойының даму тарихын білу үшін ғана емес, жалпы түркі халықтарының философиясы мен психологиясын түсіну үшін де қажет. Ұлттық рух диалектикасын терең түсіне білген Ә. өмір бойы оны байытудың жолдарын қарастырумен болды. Театр, кино, музыка сияқты басқа да қазақ кәсіби өнерінің барлық саласының дамуына тікелей өзі басшылық жасап отырды.

Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Ә. дүниежүз. аса маңызды мәселелерді шешуге, халықтардың рухани ынтымақтастығын дамытуға елеулі үлес қосты. Жиырмадан астам шет елдерде болып адамзат қоғамының дамуы, рухани ынтымақтастық үшін өз көзқарасын білдірді. Әлем халықтары тарапынан Ә-тің озық ойы, таным-парасаты қолдау тауып отырды. Оның «Абай жолы» роман-эпопеясын 20-ғ-да дүниеге келген көркемдік құбылыс ретінде танып, авторын құрметпен қарсы алып, тағзым етті. Ә. суреткерлігіне тәнті болған шет ел жазушылары мен әдебиетшілері де оның шығармаларында қазақ қоғамының өзіндік сипаты мол, қайшылыққа толы өмір-тұрмысы, әдет-салттары әсерлі бейнеленетініне ерекше көңіл қояды. Әлем әдебиеттерінің өкілдері Ә-тің шығарм-н жоғары бағалады. «Абай жолы» роман-эпопеясына Луи Арагон «20 ғасырдағы ең ұлы шығармалардың бірі» деп баға берген. Ә. шығарм-ның дүние жүзі және түркі халқының мәдениеті үшін айрықша маңыздылығын Ш. Айтматов терең ашып көрсетті. Оның: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – Мұхтар Әуезов» деген сөздері бауырлас қырғыз, қазақ халықтарының мерейі бір екенін тебіріне сезініп айтылған. Бұл

шығармаға дүние жүзі әдебиетінің ең таңдаулы үлгілерін қамтыған 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» атты топтама басылымнан орын берілді. «Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының ондаған тілдеріне аударылып, бірнеше рет қайталанып басылды. Ә-тің мол шығарм. мұрасы адамзаттың талай буын ұрпағының рухани дүниесін байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек. Қазақстанда және халықар. деңгейде ұлы суреткердің рухына құрмет жасау шаралары жүзеге асырылған. Жазушы қайтпас сапарға аттанған 1961 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтына оның есімі берілді, ин-т құрамында ғыл. бөлім ретінде Әуезов үйі ашылды (1963), ескерткіштер орнатылды. Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, ауыл, көше, мектептер Ә. есімімен аталады. Ә-тің өмірі мен шығарм. Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Е.Сидоркин, Е.Вучетич, Н.Нұрмұхамбетов, т.б. мүсіншілер мен кескіндемешілердің өнеріне арқау болған. М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде аталып өтті (1997). Қазақ теледидары ұлы жазушы шығарм-на арналған 12 сериялы телехабар түсірді (авторы А.Тойбаева).

З.Ахметов, Ә.Нысанбаев, Т.Жұртбай, Т.Шаңбай

Әуезов және Шәкәрім. Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтың арасындағы байланыс Абай мен Шәкәрім арасындағы адамдық пен классикалық таным байланысының **реминисценциясы**, байланыстың **ренессанстық нәтижесі** әрі болашақта кешенді зерттеуді талап ететін **шәкәрімтану** мен **мұхтартанудың**, ғылымдардың **салыстырмалы** салаларының басым бағыты. Байланыстың өнер мен ғылымда жолы көп (қатар, жалғасты, танымдық, көркемдік, эстетикалық, стильдік, жанрлық т.б.). Көз көргенде, **Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтың байланысы даналық пен дарынның байланысы** еді. Кейіннен ол байланыс М.Әуезовтың шығармашылығында өзгеше өріс тапты. М.Әуезовтың классикалық стилінде Абай мен Шәкәрімнің дәні бар. Шәкәрім мен М.Әуезовтың арасын қалай анықтаймыз. Ол – классикалық стиль контекстінде мән құрылымына ден қойғанда ашылмақ. Данышпан Шәкәрім ақталғаннан кейінгі «бір қайнауы ішінде» ғылымның өзі

емес, оған еліктеу деңгейіндегі жазылған Шәкәрімнің өмірбаянына қатысты үстірт баяндаулар жарық көре бастады. А.Шәкәрімұлының алтын өзекті естелігінен ойып-ойып алып, асығыс құралған **құрақбаяндар** – даналық пен дарынның өрісті шығармашылық байланысына байыпсыз барлаулар ғана. Шамамен олар неше рет кездескен деген болжамдар, дәйексіз статистика – ғылымның тілі емес. Сократ пен Абай кездеспеген, кездесу мүмкін де емес еді, бірақ олардың байланыс тереңдігін зерттеу ғылыми дайындықты талап етеді. Бұл жерде де солай. «Шала Шекспиршілдік, толмаған Толстойшылық» аса қауіпті батырлық. Екеуін де адамзат қоғамындағы мәңгілік құндылықтар толғандырған («Еңлік-Кебек» эпикасынан «Еңлік-Кебек» трагедиясына дейін, немесе «Әділ-Мария» романынан «Абай жолы» роман-эпопеясына дейін, сондай-ақ, М.Әуезовтегі Шәкәрімнің шығысы т.с.с.). М.Әуезов пен Шәкәрімнің байланысы туралы айтқанда, Мұхтар Мағауиннің эпика мәселесіне және Рымғали Нұрғалидың трагедия мәселесіне арналған іргелі зерттеулерін атап айтамыз. Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтің байланысы болашағы зор, өрісті тақырып.

Т.Шаңбай

ӘУЕЗОВА Ләйлә Мұхтарқызы (1929-1993) – тарихшы, тарих ғылымының докторы. Мәскеу мемл. ун-тінің тарих ф-тін бітірген. 1956-62 ж. ҚР Тарих, археол. және этногр. ин-тының ғыл. қызметкері, 1963 жылдан М.О. Әуезов әдеби-мемориалды мұражайының меңгерушісі. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – төңкеріске дейінгі Қазақстан тарихы, Қазақстанда жер шаруашылығының дамуы, М.О. Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының проблемалары. ҚР ҒА-ның Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты. Зерттеулерінде Абайдың ақындық мектебінің өкілдері көрініс тапқан.

А.Тоқсамбаева

ӘУЕЗОВТІҢ БӨРЛІДЕГІ МҰРАЖАЙ-ҮЙІ – Мұхтар Әуезовтің туған жері Бөрлідегі Әуез әулеті қыстауында орналасқан тарихи және мәдени мекеме. Мұражай жазушының туғанына 90 жыл толар қарсаңында (1987, қыркүйек) ашылған. ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. ауқымда аталып өткен ұлы жазушының туғанына 100 жыл толу салтанаты алдында (1997, қыркүйек) мұражайда

қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Мұражай экспозициясы 8 бөлімнен тұрады: 1) Әуез бөлмесі; 2) Мұхтардың балалық жастық шағы; 3) Анасының бөлмесі; 4) «Абай жолы» романы; 5) Мұхтар отбасы; 6) Мұхтар шет елдерде; 7) Мұхтар туған жерінде соңғы рет; 8) Сыйлықтар залы. Барлығы 1000-ға жуық экспонат бар. Оның 610-ы негізгі қорда. Мұнда жазушының өмірі мен өскен ортасын жан-жақты көрсететін мұрағаттармен танысып, қызықтаумен бірге, ұлы суреткер мұрасы мен өміріне қатысты оқиғалар туралы түсірілген деректі фильмдерді де тамашалауға болады. Мұражай аумағында Омархан мен Нұржамалдың, Ақылбайдың, Әйгерім мен Діләннің кесенелері бар. Мұражайда Шәкәрімге арнайы экспозиция қойылған.

Б. Сапаралы

ӘУЕЗОВ ҮЙІ, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы – классик жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығарм. мұрасын көпшілікке таныстыру, насихаттау, зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғыл.-мәдени мекеме. Алматы қ-нда жазушының өзі тұрған (195-61) үйде (Төлебаев кешесі, 135-үй) орналасқан. Бұл үйді мұражайға айналдыру туралы Қазақстан үкіметінің қаулысы 1961 ж. 10 тамызда қабылданды. Жазушының әдеби мұрасы, өзі көзі тірісінде тұтынған заттары, үй жиындары, қолжазбалары жүйеге келтіріліп, тақырыптық көрмелер жасалып, 1963 ж. 28 қарашада мұражай ресми түрде ашылды. Қазақстан үкіметінің «М.О. Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы» 1993 ж. 19 шілдедегі (№ 810) қаулысына сәйкес, 1996 ж. 1 маусым күні мұражай «Әуезов үйі» ғыл.-мәдени орталығы болып қайта құрылды. Орталық негізінен үш бағытта жұмыс жүргізеді: Бірінші бағыты – жазушының өмірі мен шығарм. мұрасын жинақтау, оны ғыл. жүйеге түсіріп саралау, жариялау және әуезовтану саласы бойынша жарық көрген еңбектерді жинау. Екінші бағыты – мұражайдағы қолжазбалар мен экспонаттарды, кино, фото, дыбыс қорларындағы мұраларды ғыл. жүйеге түсіру, көрме ұйымдастыру. Қолжазба қорында 72 мыңнан астам мұрағаттар, сирек кездесетін кітаптар, жазушының күнделіктері мен жол-жазбалары, архивтерден жинаған құнды деректері, жеке басы құжаттары, т.б. бар. Үшінші бағыты – М.

Әуезовтің азаматтық, шығарм. құқығын қорғау. Орталық орналасқан мұражай үйі екі қабаттан тұрады, онда 8 бөлме бар. Бірінші қабаттағы кіреберіс дәліз қабырғаларының жоғ. жиектері ұлттық ою-өрнекпен безендірілген. Одан көне түркілердің сегіз бұрышты, көк түсті оюларын байқауға болады. Бұрышта киім ілгіш тұр. Сол жақтағы бірінші бөлме жазушының көзі тірісінде «демалыс бөлмесі» деп аталған. Онда күй-сандық, теледидар, жұмсақ орынтақтар мен журнал үстелі қойылған. Төрте *О. Таңсықбаевтың* «Көктөбе», *Б. Орманшының* «Гүлдер», *А. Черкасскийдің* «Раушан» кескіндемелері ілінген. Мұражай үйіндегі ең үлкен бөлме қонақ бөлмесі. Ортадағы үлкен үстел мен орындықтар, жиындар Ә-тің арнайы тапсырысы бойынша Мәскеуде жасалған. Еденге парсы кілемі төселген? Қабырғаларға *А. Риттихтың* «Дастарқандағы алма», *Таңсықбаевтың* «Бозқараған». Шығыс Түркістандағы қазақ жазушылары сыйлаған «Тау көрінісі» суреттері ілінген. Әйнекті абажа мен кебезелердің ішінде қымбат бағалы, күміспен зерленген ыдыс-аяқтар сақталған. Ұлы жазушы ғұмырының соңғы он жылындағы шығарм. қуанышы мен азабының куәсі болған қастерлі ой отауы оның жұмыс бөлмесі. Бөлмедегі кітап сөрелері дөңгелене қаланған қабырғаға кіріктіріле орнатылған. Жазу үстелінің үстіндегі қолжазбалар, қаламсап пен қарындаштар, көзілдірік пен кітап, бүркіттің мүсіні сол күйі сақталған. Бұрышта – жазу мәшеңкесі. Жазушы кешке жақын ұзақ уақыт шам жақпай, алакеуім көлеңкеде, қолына домбырасын алып, терезе алдындағы диванда отырып күй тартуды өте ұнатқан. Мұражай үйінің бірінші қабатындағы төртінші бөлме жазушының қарындасы Үміштің (Үмияның) бөлмесі. Бұл бөлме өзгелерден ерекше, қазақ халқының дәстүрлі тұрмысы үлгісінде жинақталған. Бұрышта сандық. Терезе алдында жазушының ертеректе пайдаланған шағын үстелі тұр. Төрте ағайын-туыстарының суреті ілінген. Екінші қабаттағы үш бөлменің ең үлкені ұйықтайтын бөлме. Жазушы бөлмедегі жиындарды Ригадан алдырған. Киім шкафында жазушы киген киімдер ілулі тұр. Жазушының қызы Ләйләнің бөлмесі шағын, қарапайым ғана жиызбен жабдықталған. Төрте Орманшының сыйға тартқан суреті ілулі тұр. Жазушының ұлы

Ернардың бөлмесіндегі ерекше құнды экспонат – ескі жазу үстелі. Бұл үстелді жазушы 1932 ж. сатып алған. 1951 жылға дейінгі шығармалары, соның ішінде «Абай жолының» алғашқы екі кітабы осы үстелде жазылған.

1997 ж. құрылысы біткен жаңа көрме ғимаратының негізгі бөлігі бұрынғы мұражай үйінің еңсесін баспас үшін жерге сіңіріле салынған. Көрмеге баспалдақпен түседі. Бұл – Әуезовтің көркемдік әлеміне тізенді бүгіп, тағзым етіп кіру рәсімі үшін әдейі жасалған сәулеттік шешім. Көрменің іші – жалпы түркі әлеміне ортақ көк түспен көмкерілген. Көрменің негізгі мақсаты – ұлы тұлға ғұмырына қатысты заттар, құжаттар, суреттер арқылы жазушының тағдырын, шығарм. мұратын терең де әсерлі ұғынуға жәрдемдесу. Онда қойылған экспонаттар М. Әуезовтің туған, өскен ортасы, жазушылық жолы, қоғамдық қызметі, «Алаш» қозғалысы, кеңестік жазалау саясаты тұсындағы көрсетілген қысымдар мен 1930-32 ж. түрмедегі өмірі, шет ел сапарлары туралы жан-жақты мағлұмат береді. Осы көрмеде Шәкәрім мен М. Әуезовтің байланысы

көрініс тапқан. Салтанат ғимаратында жазушының өзі туралы деректі фильмдермен қоса, оның шығармалары бойынша түсірілген «Абай әндері», «Райхан», «Асудағы атыс», «Көксерек» көркемсуретті фильмдері, замандастарының жазушы туралы айтқан естеліктерінің бейнетаспалары көрсетіледі. Жазушының өзінің дауысы жазылған таспалар мен күйтабақтар бар. Алматы қалалық халық үнінің дәстүрлі сабағы да айына екі рет, жұма күндері осында өткізіліп тұрады. Орталықта мекемелер мен жоғары оқу орындарына, мектептерге апарып таныстыруға арналған тақырыптық көшпелі көрме жұмыс істейді. Қайта қалпына келтіру шеберханасы мен ғыл. жұмыспен айналысушыларға қызмет көрсететін компьютерлік бөлім бар.

Т. Жұртбай

ӘУПІШ (т.-ө.ж.б.) – Шәкәрімнің серігі. Шәкәрім өмірінің соңғы жылдарын Саятқорада өткізгенде жанында болған сенімді серігі. Шәкәрімнің «Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы...» дейтін өлеңі бар. Ә. Жайлы А. Құдайбердіұлының естеліктерінде де айтылады.

Ә. Ережеқызы

